

"Бәсеке және монополистік қызметті шектеу туралы" Заңның 16-бабына сәйкес, **Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н** :

1. Белгілі бір тауар рыногының шекараларын айқындау және рынок субъектісін монополист деп тану тәртібі туралы ереже бекітілсін.

2. Экономикалық талдау және қаржылық қамтамасыз ету департаменті (С. Ержанова) осы Ережені Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізуді қамтамасыз етсін.

3. Ұйымдастыру-инспекторлық басқармасы (Ғ. Сауытов) осы бұйрықты Агенттіктің облыстардағы, Астана және Алматы қалаларындағы департаменттерінің назарына жеткізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Агенттік төрағасының орынбасары С. Құрманғалиевқа жүктелсін.

Агенттік төрағасы

Қазақстан Республикасының
Табиғи монополияларды реттеу,
бәсекелестікті қорғау және
шағын бизнесті қолдау жөніндегі
агенттігі төрағасының
2001 жылғы 17 сәуірдегі

№ 77-ОД бұйрығымен бекітілген

**Белгілі бір тауар рыногының шекараларын айқындау
және рынок субъектісін монополист деп тану
тәртібі туралы**

ЕРЕЖЕ

1. Жалпы қағидалар

1. Осы Ереже "Бәсеке және монополистік қызметті шектеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес республикалық, облыстық, қалалық, сондай-ақ Астана мен Алматы қалаларының белгілі бір тауар рыноктарының шекараларын айқындау және тиісті рынокта рынок субъектісін монополист деп тану тәртібін р е т т е й д і .

2. Ереже барлық меншік нысандарындағы қазақстандық және шетелдік заңды тұлғаларға (олардың филиалдары мен өкілдіктеріне) қолданылады.

3. Осы Ережеде қолданылатын негізгі ұғымдар:

белгілі бір тауар рыногы - белгілі аумақтағы тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) немесе өндірушілер мен сатып алушылар өндіру немесе тұтыну процесінде оларды бір-бірімен алмастыра алатындай олардың сапасы, қолданылуы және бағасы бойынша салыстыруға келетін, бірін-бірі алмастыратын тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) жиынтығы;

бірін-бірі алмастыратын тауар - сатып алушы тұтыну процесінде функциялық

тағайындалуы, қолданылуы, сапалық және техникалық сипаттамалары мен басқа өлшемдері бойынша оларды бір-бірімен нақты алмастыра алатындай немесе алмастыруға даяр болатындай салыстыруға келетін тауарлардың тобы;

тиісті тауар рыногының шекаралары - белгілі немесе бірін-бірі алмастыратын тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) сатып алушының тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) осы аумақта экономикалық, аумақтық және технологиялық сатып алу мүмкіндіктерінің және осы мүмкіндіктердің оның шекараларынан тыс болмауы нәтижесінде айқындалған аумақтағы айналымының шекаралары;

географиялық шекаралар немесе географиялық рынок тұтынушылардың белгілі немесе бірін-бірі алмастыратын тауарды сатып ала алатын және осы аймақтан тыс жерде экономикалық және басқа себептер бойынша сатып алуға мүмкіндігі жоқ аймақ.

Белгілі немесе бірін-бірі алмастыратын тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) әрбір түрінің жеке рыногы болады, оның шекаралары оның айналымының географиялық ауданын көрсетеді;

рыноктық үлес - рынок субъектісінің белгілі немесе бірін-бірі алмастыратын тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) әкелу және әкету көлемдерін ескере отырып, белгілі немесе бірін-бірі алмастыратын тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) республикалық, облыстық, қалалық рыноктарда жеткізіп берудің немесе сатудың жиынтық көлеміне қатысу көрсеткіші;

белгілі бір тауар рыногының көлемі - бұл белгілі бір тауар рыногында жұмыс жасайтын барлық өндірушілердің тауардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) белгілі бір түрін жеткізіп беруінің немесе өткізуінің, оларды әкелу (импорт) және әкету (экспорт) көлемдерін ескере отырып, өткізілген өнімнің саны бойынша нақты бірліктермен немесе өткізуден алынған түсімнің мөлшерлері бойынша бағаланған жиынтық көлемі.

2. Белгілі тауар рыногының географиялық шекараларын айқындау

4. Тауар рыногының географиялық шекаралары сатып алушылар белгілі немесе бірін-бірі алмастыратын тауарды (жұмысты, қызмет көрсетуді) сатып алатын немесе сатып ала алатын және экономикалық, технологиялық, әкімшілік немесе басқа себептер бойынша осы аумақтан тыс жерлерде сатып алу мүмкіндігі жоқ аумақты айқындайды.

5. Рынок аумағы сондай-ақ сатып алушылардың тауарлардың арзандығы теңдігін тану қағидаты бойынша да айқындалады. Егер сатып алушылар бір аймақта сатылатын тауарды басқа аймақта сатылатын тауардың алмастырушысы деп есептесе, онда бұл аймақтарды белгілі тауар мен қызмет көрсетулердің бір географиялық рыногы деп қарастыруға болады.

Тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сатып алуға қол жеткізу мынадай жағдайларда қамтамасыз етіледі:

нақты тауарды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) немесе тауарлар тобын осы аумақта белгілі баға бойынша сатып алу мүмкіндігі;

көліктік шығындардың тауардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) құнына қатысты негізділігі мен орындылығы;

тауардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) сапасының, сенімділігінің және басқа тұтынушылық қасиеттерінің сақталуы;

тауар бағасының оның сапасына сәйкестігі;

тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сатып алуды-сатуды, әкелуді-әкетуді шектеудің (тыйым салудың) болмауы;

тауарларды немесе қызмет көрсетулерді өндіру, өткізу, жеткізіп беру жүзеге асырылатын аумақ шегінде тең бәсеке жағдайларының болуы.

6. Монополияға қарсы органдардың республикалық, облыстық, қалалық белгілі бір тауар рыноктарының шекараларын айқындауы:

"Бәсеке және монополистік қызметті шектеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңында жүргізілуі көзделген Белгілі бір тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие рынок субъектілерінің мемлекеттік тізілімін қалыптастыру кезінде жылына бір реттен сирек емес;

рынок субъектісінің белгілі бір есепті кезең (жарты жылда бір рет) ішіндегі 100% үстемдік үлесі бар рынок субъектілерін қоспағанда, рыноктық үлесін **нақтылау кезінде;**

шаруашылық жүргізуші субъект уәждеп жүгінген жағдайда;

белгілі тауар рыноктарының жай-күйін талдау кезінде;

монополияға қарсы заңның бұзылу фактілерін анықтау кезінде;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қосымша үстем (монополиялық) жағдайға ие рынок субъектілерінің қызметін реттеу шараларын белгілеуі кезінде жүзеге асырылады.

3. Тауар рыногының көлемін және рынок субъектісінің (субъектілерінің) үстемдік үлесін айқындау

7. Тауар рыногының сандық сипаттамасы рыноктың географиялық шекараларының шегіндегі белгілі бір немесе бірін-бірі алмастыратын тауар рыногының нақты көрсеткіштердегі (ерекше жағдайларда құндық көрсеткіші бойынша) жалпы көлемі болып табылады.

Рынок субъектісінің (субъектілерінің) рыноктық үлесі белгілі бір тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) республикалық, облыстық, қалалық тауар рыноктарына жеткізіп беру немесе сату көлемінің оны тауар рыногының шекарасынан тыс әкету көлемін қоспағандағы белгілі бір тауар рыногының жалпы көлеміне арақатынасы ретінде айқындалады.

Рынок субъектісі (субъектілері) өз өнімдерінің бір бөлігін жеке өндіріс мұқтаждары үшін пайдаланған жағдайда, сатудың немесе өткізудің жалпы көлеміне тек оның рынокта сатылатын немесе өткізілетін бөлігі ғана енгізілуге т и і с .

Белгілі бір тауар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) рыногының жалпы көлемі осы рынок субъектілерінің өткізілген өнім саны бойынша нақты көрсеткіштермен немесе ақша түрінде бағаланған белгілі бір немесе бірін-бірі алмастыратын тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) әкелу және әкету көлемдерін ескере отырып, белгілі бір немесе бірін-бірі алмастыратын тауарларды жеткізіп беру немесе өткізу сомасы ретінде айқындалады.

4. Рынок субъектісін (субъектілерін) монополист (монополистер) деп тану тәртібі туралы

8. "Бәсеке және монополистік қызметті шектеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес рынок субъектісінің бәсекеге теріс әсер ететін, басқа рынок субъектілерінің тауар рыногына қол жеткізуін немесе өзге түрде қиындататын, экономикалық қызмет еркіндігін шектейтін ерекше жағдайы үстем (монополиялық) жағдай деп танылады.

Рынок субъектісінің (субъектілерінің) тиісті тауар рыногындағы үлесі монополияға қарсы орган жыл сайын белгілейтін шекті шамадан асатын жағдайы үстем деп танылады.

Сонымен бірге тиісті тауар рыногындағы үлесі 35%-дан аспайтын субъект жағдайы үстем деп танылмайды.

Сондай-ақ тиісті тауар рыногындағы үлесі монополияға қарсы орган жыл сайын белгілейтін шекті шамадан аспайтын, рынок субъектісінің жағдайы, егер мұны мыналардың негізінде монополияға қарсы орган белгілесе, үстем (монополиялық) деп танылады:

- рынок субъектісінің тиісті тауар рыногындағы үлесінің тұрақтылығы;
- рыноктағы бәсекелестерге тиесілі үлестерінің салыстырмалы мөлшері;
- жаңа рынок субъектілерінің (бәсекелестердің) рынокқа кіру мүмкіндіктері.

Кез келген рынок субъектілерінің жағдайы, егер оларға қатысты мынадай талаптар орындалса, үстем (монополиялық) деп танылады:

белгілі бір тауар рыногындағы екіден көп емес рынок субъектілерінің жиынтық үлесі 50 және одан көп пайызды құраса;

белгілі бір тауар рыногындағы үштен көп емес рынок субъектілерінің жиынтық үлесі 70 және одан көп пайызды құраса.

9. Белгілі бір тауар рыногында үстем жағдайға ие шаруашылық жүргізуші субъектілерді анықтау мақсатында тауар рыноктарының жай-күйін талдауды монополияға қарсы орган жүзеге асырады.

10. Өндірісі жаңа технологиялар мен ғылыми-техникалық прогрестің

жетістіктерін қолданумен байланысты жаңа, тектестері жоқ және сұранысқа ие тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) өткізе отырып, белгілі бір тауар рыногына алғаш кірген рынок субъектілерінің үстем жағдайы бір жыл бойы монополиялық деп танылмайды.

11. Үлесі белгілі бір тауардың республикалық, облыстық, қалалық рыноктарында үстем болып табылатын рынок субъектілері Белгілі бір тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие рынок субъектілерінің мемлекеттік тізіліміне енгізіледі. Рынок субъектілеріне олардың Тізілімге енгізілгені туралы (N 1 қосымшадағы хабарламаның саны) монополияға қарсы о р г а н х а б а р л а й д ы .

Мемлекеттік тізілімді жасау және жүргізу тәртібін монополияға қарсы орган Белгілі бір тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие рынок субъектілерінің мемлекеттік тізіліміне сәйкес айқындайды.

Монополияға қарсы органның бұйрығымен бекітілген Белгілі бір тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие рынок субъектілерінің мемлекеттік тізілімі баспасөзде жариялауға жатады.

5. Белгілі тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие рынок субъектілерінің міндеті мен жауапкершілігі

12. Тізілімге енгізілген рынок субъектілері әрбір есепті кезең ішінде (жарты жыл, жыл ішінде) монополияға қарсы органға мынадай ақпарат беруге міндетті:

- 1) қаржы-шаруашылық қызметтің нәтижелері туралы есеп;
- 2) кәсіпорынның акцияларын (үлестерін, пайларын) сату және (немесе) басқаруға беру туралы мәліметтер;
- 3) өнімнің монополиялық түрлері жөніндегі ақпарат: өндіріс көлемдері, босату бағасы және өндірістің кірістілігі.

13. Рынок субъектілері монополияға қарсы заңды бұзғаны үшін "Бәсеке және монополистік қызметті шектеу туралы" Заңның 4-тарауына сәйкес жауап береді.

Тауардың белгілі бір түрі рыногының шекараларын айқындау және рынок субъектісін монополистік деп тану тәртібі туралы ережеге

N 1 қосымша

Белгілі бір тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие рынок субъектілерінің Мемлекеттік тізілімге енуі туралы хабарлама

рынок субъектісінің атауы

Тізілімге енгізілетін рынок субъектісі бойынша тауарлардың
(жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) атауы

Тізілімге енгізілетін рынок субъектісі негізіндегі Агенттік
бұйрығының N және күні

А г е н т т і к Т ө р а ғ а с ы

" ____ " _____ 2001жыл

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК